

Дәріс №8. Фонетиканы оқыту әдістемесі

Жоспар:

1. **Фонетиканы оқытудың жеке әдістемелік қағидалары**
2. **Фонетика мен графика бойынша оқушыларда қалыптасатын іскерлік**
3. **Фонетикалық жаттығулар**

Тірек сөздер: фонетика, әдістеме, орфоэпия, фонетикалық талдау, орфография.

Қазақ тілін оқытудың құрамдас бөлігі

Бастауыш сыныпта сауатты жазуға, графикаға үйретуден (I сынып) басталады, 4-5 сыныптарда теориялық материалды меңгерумен жалғасады. Қазақ тілінің фонетикалық жүйесін практикалық тұрғыдан меңгеруден, сөзге фонетикалық талдау жасаудан, дыбыстардың артикуляциясынан, оларды классификациялаудан, дауысты мен дауыссыз дыбыстарға сипаттама беруден басталып, буын мен екпінді оқып үйренумен аяқталады. Орфоэпияны оқытуға, мәнерлеп оқуды дамытуға негіз болады, оған қоса оқушылардың орфографиялық іскерлігі мен дағдыларын қалыптастырудың негізі.

Фонетиканы оқытудың жеке әдістемелік қағидалары: оқушының естуіне негізделу қағидасы, дыбыс пен әріптерді салыстыру қағидасы, дыбыстарды морфеманың құрамында қарастыру қағидасы.

Фонетика мен графика бойынша оқушыларда қалыптасатын іскерлік: сөзді буынға бөлу, буынды дыбыстарға бөлу, оларды әріптермен салыстыру, сөзге фонетикалық талдау жасау, сөздің құрамындағы әрбір дыбысқа сипаттама бере білу; сөйлеуде әрбір дыбысты орфоэпиялық нормаға сәйкес айта білу. Фонетика мен графика бойынша оқушылардың іскерлігін орфография мен орфоэпия бойынша іскерлігінен бөлуге болмайды.

Фонетикалық жаттығулар: фонетикалық талдау, сөздің дыбыстық құрамын анықтау сөзді буынға, оның түрлеріне ажырату, түрлі дыбыстық ықпалдарды ажырату, олардың себептерін түсіндіру. Фонетикалық жаттығулар орфография, сөзжасам және т.б. астасып келеді.

Сұрақтар:

1. **Фонетиканы оқытудың принциптерін көрсетіңіз.**
2. **Фонетика мен графика бойынша оқушыларда қалыптасатын іскерлікті атаңыз.**

Әдебиеттер:

1. Рахметова С., Оразбаева Ф. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.-Алматы, 2007, 326б.
2. Құрман Н. Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері.-Астана, 2008, 131-174б.
3. Жанпеисова М. Модульдік оқыту технологиясы. Оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы; Мектеп, 2005.-160б.